Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК - ны педагогтарының ақпан айындағы айлық іс шарасының анықтамасы

Балабақша педагогтарының апталық іс шара жоспары балабақша меңгерушісі Г. Жанибекованың қолымен бекітілді.

Тәрбиеші Ж. Алипбаева 31 – 04 ақпан аралығында «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында апталық іс шара өткізді. Педагог өз жоспары бойынша «Табиғат құбылыстары» тақырыбында ұйымдастырылған оқу қызметін өтті.

Мақсаты: балаларға өлі және тірі табиғатты ажырата білуге үйрету. Табиғаттың адамға пайдасы туралы түсінік берді. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Табиғатты ластамау керек екенін және зиян келтірмеу керектігін үйрету. (сындырмау, жұлмау, баспау және өртемеу)

Оқу барысында: балаларға табиғат туралы түсінік бере отырып, табиғат туралы мақал – мәтел және тақпақтар айтқызды. Ойын ойнатып балалардың көңілін көтерді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің соңында вулканның атқылауын көрсетіп тәжірибе жасады. Балалар таң тамаша қалды. Келесі күні «Пияз отырғызу» ойын терапиясын өткізді.

Мақсаты: қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу және еңбекке баулу. Көзбен көру, қолмен жасау, көргенін қайталатқызу. Пияздың адам ағзасына пайдасын түсіндіру.

Оқу барысында балаларға пияз отырғыздырды. Тәрбиеші балаларға қауіпсіздік ережелерді сақтай отырып, пиязды отырғызу әдісін көрсетті. Үстеріне фартук кигізді. Әр баланың жасаған жұмысына өз аттарын жазып қойды. Балалар күнделікті өздері отырғызған пияздарына су құйып күтім жасап өскенде тамаққа қосып жейтіндерін айтып өтті. Жоспар бойынша «Бізді қоршаған әлем» сурет студиясын өткізді.

Мақсаты: өлі және тірі табиғат құбылыстарын ажырата отырып, дәстүрден тыс әдіс – тәсіл бойынша сурет салуға дағдыландыру. Баланың қызығушылығын ояту. Оқу барысында балаларға тірі және өлі табиғат туралы түсінік берді. Суретке керек құралдар мен көрнекіліктерін таратты. Табиғат құбылыстарын дәстүрден тыс сурет салу әдісін түсіндірді. Балалар аса қызығушылықпен педагогтың тапсырмасын орындады. Балалардың жұмыстарын талдып, талқылап балаларды мақтап - мадақтап «керемет» деген смайлик таратты. Сонгы күні балаларға ұйқыдан кейінгі шынықтыру – сауықтыру шараларын жасатты. Табиғаттың үнімен үйлестіріп музыка әуенімен (құстардың дыбысы, судың сылдыры, желдің дауысы) жаттығулар жасатты. Жалпы қорыта келе тәрбиеші Ж. Алипбаеваның апталық іс шарасы жоғары деңгейде өтті. Басқа тәрбиешілер өздеріне қажетті үйренері мен жақсы мағлұматтар алды.

Әдіскер: **Жылысбаева Р**

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК - ны педагогтарының ақпан айындағы айлық іс шарасының анықтамасы

Балабақша педагогтарының апталық іс шара жоспары балабақша меңгерушісі Г. Жанибекованың қолымен бекітілді.

«Қысқы орманға саяхат» тақырыбында психолог Р. Ходжакулова және тіл маманы А. Сейткасымова 07 – 11ақпан арасында апталық іс шарасын өткізді. «Қысқы орманға саяхат» тақырыбында музыка залын орман кейпімен безендірді. Шыршаға қонақтаған құстар, тиындар ілді.

Мақсаты: қысқы орман табиғатына ойша саяхат жасай отырып, бейнелі дыбыстар арқылы қыс мезгілін елестету қиялдарын дамыту.

Жоспар бойынша «Қысқы орман» тақырыбында балаларға компьютер көмегімен бейнеролик көрсетілді. Балалар экраннан көрген қыз мезгілінің ерекшеліктерін айтып, аңдардың іс қимылдарын көрсетіп, атын айтып, дыбысын салды. Педагог аңдардың атын үш тілде айтқызып, қайталатты.

Мақсаты: балаларға ормандағы аңдардың тіршілігі мен олардың қысқа бейімделуі туралы түсінік беру. Сөздік қорын молайта отырып, тілдерін дамыту. Жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету. Келесі күні балабақша қызметкерлерінің арасында «Орманға саяхат» тақырыбында тренгинг өткізді. Қызметкерлер көздерін жұмып қысқы орманға саяхатқа елестету арқылы шықты. Жолдағы кедергілерден өтіп, тауға шығып, сырғанақ тепті. Саяхат өте қызықты болды.

Мақсаты: ұжым арасында ынтымақтастық орнату, бір – біріне жақсы көзқарас қалыптастыру. Қиялдау, елестету арқылы жүйкені тыныштандыру. Апта соңында балаларды «Орманға саяхат» бойынша музыка залындағы безендірілген қыс қызығын тамашалауға ғажайып сәтті тамашалатты.

Ол жерде балалар қызқы ойындар ойнап, орман кейпін тамашалады. Жұмсақ ойыншықтан жасалған жан – жануарларға балалар азық берді. Құстарға жем берді. Аюдың қонжығымен ойнады. Бір – бірімен қар атысып ойнады. Қорыта келе балабақша психологы Р. Ходжакулова мен тіл маманы А. Сейткасымованың апталық іс шарасы жақсы өтті. Балалар да, қызметкерлер де жақсы көңіл күйде болды. Педагогтардың іс шараны ұйымдастыруы, құрылымы жақсы жасалған. Алдағы жұмыстарынада сәттілік тілеймін.

Әдіскер: **Жылысбаева Р**

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК - ны педагогтарының ақпан айындағы айлық іс шарасының анықтамасы

Балабақша педагогтарының апталық іс шара жоспары балабақша меңгерушісі Г. Жанибекованың қолымен бекітілді.

Балабақша тәрбиешісі Б. Ганиева 14 – 18 ақпан аралығында «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында апталық іс шара өткізді. Балаларға «Дәрігер» мамандығы бойынша желелі ролді ойын ұйымдастырды. Топта аурухана және дәріхана бұрыштарын жасады. Онда анықтама бөлімі, тіс дәрігері және балалар дәрігері бөлмелері болды. Балалар қуыршақтарын алып бірі баласының тісін емдетсе, енді бірі қызын балалар дәрігеріне көрсетті. Диалог арқылы бір бірімен сөйлесу арқылы желілі ролді ойынды ойнады.

Мақсаты: баланың бір – біріне деген жағымды қарым- қатынас жасау, ой қиялдарын дамытып ойын арқылы тілдік қорын дамытып еркеңн сөйлеуге дағдыландыру. Дәрігер мамандығының қыр сырын ұғындыру.

Жоспар бойынша «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында ұйымдастырылған оқу қызметін өтті. Топқа аурухана, дүкенші, шашатараз, асхана, мектеп, балабақша бұрыштарын жасады. Балаларды сол мамандыққа арналған киымдерін кигізіп ойынды өрбітті. Балалар еркін өз ойларын еркін жеткізіп ойнады. Бірі бала болды, бірі қызы болды, бірі мұғалім, бірі тәрбиеші, енді бірі сатушы болып ойнады. Педагог тек бағыт, бағдар беріп отырды.

Мақсаты: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Әр мамандықтың қызығы мен киыншылықтарын сезіндіру. Үлкендердің еңбегін бағалауға және құрметпен қарауға дағдыландыру. Тілдік қорын молайту, ойын еркін жеткізуге дағдыландыру. Келесі күні «Жол ережесін білейік, аман есен жүрейік» танымдық ойын ұйымдастырды. Балаларды топтағы жолда жүру ереже бұрышына апарды. Педагог өзі жол сақшысы ролін сомдады. Ол балаларға жол ережесінің белгілерін (знак) түсіндірді. Жаяу жүргіншілерге арналған жолды, мүгедектерге арналған жолды түсіндірді. Бағдаршам қызметін және әр түстің айырмашылығы мен қызметі туралы айтты. Балаларға жұмбақтар жасырды. Балалар желілі ролді ойынды өздері жалғастырды. Педагог балаларға бағыт, бағдар беріп отырды.

Мақсаты: балаларға ойын арқылы жолда жүру ережесін меңгертіп, жол сақшысының мамандығымен таныстыру. Жол ережесінің белгілерімен таныстыру. Бағдаршамның түсін ажыратып, оның қызметі туралы түсінік беру.

Апта соңында «Кімнің құралы» дидактикалық ойын ұйымдастырды. Әр мамандыққа арналған құрал саймандарды араластырып үстел үстіне қойды. Балаларды әр мамандық бойынша киындірді. Балалар өзіне қажетті құрал саймандарды ажыратып алады. Оның қызметі туралы және не үшін қажет екенін атты.

Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қай мамандықтың құралдарының артық екенін ажыратқызу. Зейінін қалыптастыру. Қорыта келе, педагог апталық

іс шарасын жақсы өткізді. Балалар белсенділік танытты. Алайда 25 бала мамандық иелеріне яғни киімдеріне таласып келіспеушілік орын алды. Педагог күннің екінші жартысында да ойнататынын балаларға түсіндірді. Алдағы жұмысына сәттілік пен абырой тілеймін.

Әдіскер: **Жылысбаева Р**

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК - ны педагогтарының ақпан айындағы айлық іс шарасының анықтамасы

Балабақша педагогтарының апталық іс шара жоспары балабақша меңгерушісі Г. Жанибекованың қолымен бекітілді.

Балабақша тәрбиешісі П. Бидаулетова 21 - 25 ақпан аралығында «Туған күн» тақырыбында апталық іс шара өткізді. «Бүгін менің туған күнім» тақырыбымен музыка залын безендірді. Залда шарлар, жалаушалар, торттың макеті және каропкадан жасалған әуе шары болды.

Мақсаты: балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Өздерінің туған күндерін біліп жүруге және отбасылық мерекенің мақсатын түсіндіру. Бір – біріне достық қарым – қатыныс жасауды үйрету. Жоспар бойыншы «Достарымды қонаққа шақырамын» туған күн кешін ұйымдастырды. Осы ақпан айында туылған балаларға мерекелік дастархан ұйымдастырып, балаларға тілек айтқызды. Балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Туған күн соңы биге ұласты.

Мақсаты: балаларды бір – біріне жақсы тілектер айтқызып тілдік қорларын жетілдіру. Өз ойын еркін айтуға үйрету. Отбасылық мерекенің маңызын түсіндіру. Балаларға жақсы көңіл күй сыйлау.

Сондай – ақ, «Досыма сыйлық жасаймын» балаларға туған күн иесіне сыйлық жасату. Балалар педагогтің нұсқаулығымен түрлі – түсті қағаздан туған күн иелеріне ашық хат және құттықтау сыйлығын жасады.

Мақсаты: бір – біріне жақсы көңіл – күй сыйлауға дағдыландыру. Туған күн иелеріне сыйлық жасап қуантып және сыйлық жасау әдіс – тәсілін меңгерту.

Апта соңында балаларға мерекелік іс шара өткізді. Педагогтың сценариі бойынша ән айтылып, би биленді. «Үш торай» ертегісін фланеграф көмегімен балаларға айтып берді. Балалар қызыға тыңдады. Сондай – ақ, ұлттық спорттық ойындар ұйымдастырылып балалардың көңілін көтерді. Мысалы: арқан тарту, тақия тастамақ, қыз қуу, тенге алу және қол күрес. Қорыта келе, педагогтың жоспары жақсы жасалған, ізденген. Алайда балаларды толық меңгере алмады. Балаларға өзін тыңдата білмеді. Сыйлық жасау кезінде бала толық қамтылған жоқ. Баланың жас ерекшелігіне байланысты сыйлық түрі дұрыс таңдалмаған. Қорытынды жиналыста осы кемшілік айтылды.

Әдіскер: **Жылысбаева Р**

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК - ны педагогтарының ақпан айындағы айлық іс шарасының анықтамасы

Балабақша педагогтарының апталық іс шара жоспары балабақша меңгерушісі Г. Жанибекованың қолымен бекітілді.
Балабақша тәрбиешісі Н. Мусаева 28.02.2022 – 04.03.2022 күн аралығында «Ертегі кейіпкерлері бізде қонақта» тақырыбында апталық іс шара өткізді. Музыка залын ертегі әлемі етіп безендірді. Ертегі кейіпкерлерінің суреттері, шарлар, орманның бейнесі, ормандағы үйшік жасады.
Мақсаты: ертегі кейіпкерлерін еске түсіре отырып есте сақтау қабілеттерін дамыту. Кейіпкерлер арқылы жақсы мен жаман әдеттерді ажырата білуді үйрету. Мерекелік көңіл күй сыйлау. Жоспар бойынша ертегі кейіпкерлерінен теледидар арқылы бейнеролик көрсетті. Балалар әр кейіпкердің қандай ертегіде кездесетінін еске түсірді. Педагогтің көмегімен жануарлар туралы тақпақтар айтты.
Мысалы: Ұзын қоян сұр қоян,
Естіп қалып сыбдырды.
Ойлы - қырлы жерлермен,
Ытқып – ытқып жүгірді.
Мысалы: Ормандағы аюдың,
Құлпынайы көп екен.
Теріп, теріп алайық.
Қалтамызға салайық.
Келесі күні «Қызыл телпек» ертегісін қызметкерлер арасында сомдады. Қызметкерлердің бірі қызыл телпекті қыз, бірі кемпір, енді бірі аңшы және қысқыр ролдерін сомдады.
Мақсаты: ертегідегі аңдар мен жануарлардың мінез – құлықтарын көру арқылы жақсы мен жаман әдеттерді ажырата білуге үйрету. Әженің мейірімі, аңшының қатігездігін көрсетті. Апта соңында «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында теледидардан ертегілер желісінен үзінділер көрсетті. Балалар ертегі кейіпкерлерін естеріне түсіріп қай ертегіде кездесетінін айтты.
Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қиялына ерік беру.
Соңғы күні «Бауырсақ» қуыршақ театрын ұйымдастырды. Балаларға ақ матаның көмегімен артынан жарық түсіре отырып бауырсақ ертегісін сомдады. Мақсаты: балаларды ертегіні көру арқылы тілдік қорын жетілдіріп, ауыз екі байланыстырып сөйлеуге үйрету. Қорыта келе, педагогтің жоспары жақсы құрылған. Алайда балалар ұяңдық танытты. Сұраққа толық жауап бермеді. Толық балалар игерілмеді. Бұл кемшіліктер педагогтің өзіне айтылды. Алдағы уақытта көп іздену керектігі ескертілді.

Әдіскер: **Жылысбаева Р**